

## Қазақстан Республикасының фармацевтика өнеркәсібін дамыту жөніндегі шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 18 қараша 1993 ж. N 1149. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Республикада өзінің фармацевтика өнеркәсібінің болмауы, ТМД мемлекеттері арасындағы экономикалық байланыстардың тұрақсыздығы және денсаулық сақтауды қаржыландырудың шын мәнінде төмендеуі республиканың медициналық мекемелері мен халқын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің едәуір нашарлауына әкеліп соғып отыр.

Республиканың фармацевтика өнеркәсібін жедел дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында Фармацевтика өнеркәсібін дамытудың тұжырымдамасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының фармацевтика өнеркәсібін дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу жөніндегі Ведомствоаралық комиссия екі ай мерзім ішінде қосымшаға сәйкес қазіргі кәсіпорындарды қайта жаңарту және дәрілік заттарды шығару жөніндегі жаңа өндірістер мен химия-фармацевтика инфрақұрылымы объектілерін құру мәселелерін пысықтайтын болсын.

Мүдделі министрліктер мен ведомстволар аталған жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін жасауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қаржы министрлігімен және Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігімен бірлесе отырып, қазір жұмыс істейтін кәсіпорындарды қайта жаңарту, жаңғыртудың және фармацевтика өнеркәсібінің жаңа объектілерін салудың әзірленген жобаларына қажетті қаржылық қаражаттың республикалық бюджеттен, Қазақстан Республикасының экономикасын қайта құру қорынан, Республикалық валюта қорынан, сондай-ақ мемлекеттік қаржы кредиттеріне жыл сайын бөлініп отырылуын көздерін.

4. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері фармацевтика өнеркәсібін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға аймақтар кәсіпорындарының қатысу мүмкіндігін қарасын және фармацевтика өндірістерінің материалдық-техникалық базасын нығайту мен оны жергілікті бюджет есебінен одан әрі жетілдірудің нақтылы шараларын қолдансын.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Денсаулық министрлігі, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі дәрі-дәрмек өндіру және дәрілік заттарды, субстанцияларды, шикізат пен қосымша материалдарды өзара беріп тұру саласында ТМД мемлекеттерімен бірлесу мәселесін пысықтасын .

6. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінің жанындағы Шетел инвестициялары жөніндегі ұлттық агенттік және "Фармация" мемлекеттік холдинг компаниясы Қазақстан Республикасының фармацевтика өнеркәсібін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының жобаларын жүзеге асыру үшін ыңғайлы әріптестерді белгілеу жөнінде шетелдік фирмалармен келіссөздер жүргізісін .

7. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі республиканың фармацевтика өнеркәсібін дамытудың жобаларын қаржыландыру үшін үндістандық кредит есебінен 15 млн. АҚШ доллары, француз кредиті есебінен 300 млн. франк, Израиль кредиті есебінен 30 млн. АҚШ доллары мөлшерінде валюталық қаражат бөлінуін көздерін.<\*>

*ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгертілді - ҚРМК-нің 1994.01.31. N 112 қаулысымен.*

8. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі мен Ұлттық ғылым академиясы Биотехнология жөніндегі ұлттық орталықтың құрылымы мен тақырыптарын қалыптастырған кезде республиканың фармацевтика өнеркәсібін ғылыми жағынан қамту міндеттерін шешуді көздейтін болсын.

9. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі екі ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті фармацевтикалық химия, дәрілер технологиясы, ген инженериясы және биотехнология саласындағы мамандарды даярлау жөнінде ұсыныстар енгізісін.

10. Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі бас басқарма үш ай мерзім ішінде фармацевтикалық өнімдердің сапасын бақылаудың, сертификаттау мен стандарттаудың мемлекеттік жүйесін дамытудың бағдарламасын әзірлеп, республика Министрлер Кабинетіне түсірсін.

11. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Ішкі істер министрлігі және Әділет министрлігі есірткі заттар мен оның негізінде дайындалған дәрі-дәрмек өндіруді, өткізуді бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мақсатымен Есірткілер жөніндегі республикалық ведомствоаралық комитет құру жөнінде ұсынысты қарап, оны Қазақстан

Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін.

12. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің құрамына штаттық саны 12 адамнан тұратын және тиісті еңбекақы қоры болатын Медицина және фармацевтика өнеркәсібінің басқармасы құрылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 18 қарашадағы  
N 1149 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасы фармацевтика өнеркәсібінің  
жаңадан салынатын және қайта жаңартылуға  
жататын объектілерінің

Тізбесі

(Кесте)